



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 11 ж. 23 қаркүйек үргізілді
№ 3854-1906-А/6
Бастапқы тіркелген күні
1992 ж. « 15 » сәуір



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 11 ж. 23 қаркүйек үргізілді
БСН 920440004102
Бастапқы тіркелген күні
1992 ж. « 15 » сәуір

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банктің
Қаржы нарығы мен қаржылық
ұйымдарды бақылау және қадағалау
жөніндегі комитетімен келісілген

Төраға (Төрағаның Орынбасары)

[Signature]
20 11 жыл

«BANK RBK» БАНКІ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

«BANK RBK» АҚ

ЖАРҒЫСЫ

«ҚазИнКомБанк» АҚ
Акционерлерінің Кезектен тыс
жалпы жиналысы
2011 жылғы «18» шілдеде
Бекіткен

Қарағанды, 2011 жыл

АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР, АТАУЫ, ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ, МӘРТЕБЕСІ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

1.1. «Bank RBK» Банкі» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Банк») «Мекен» жекеменшік банкі (соңғысы 1992 жылғы 18 наурызда құрылған) сатып алудың негізінде 1996 жылғы сәуірде құрылған «Қазақстанның Инновациялық Коммерциялық Банкі» Акционерлік қоғамның құқықтық мирасқоры болып табылады.

1.2. Банктің атауы:

Толық атауы:

қазақ тілінде - «Bank RBK» Банкі» Акционерлік қоғамы
орыс тілінде - Акционерное общество «Банк «Bank RBK»
ағылшын тілінде - Bank «Bank RBK» Joint Stock Company

Қысқартылған атауы:

қазақ тілінде - «Bank RBK» АҚ
орыс тілінде - АО «Bank RBK»
ағылшын тілінде - Bank RBK JSC

1.3. Банк заңды тұлға болып табылады, меншік құқығында оқшауланған мүлкі бар және өз міндеттемелері бойынша осы мүлікпен жауап береді, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иелене және жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

1.4. Банктің ресми мәртебесі Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде банк ретінде мемлекеттік тіркелуімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі «бақылау уәкілетті орган») берген банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның болуымен анықталады.

1.5. Банк өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық Кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерін, Қазақстан Республикасы жасасқан және ратификациялаған халықаралық шарттарды (келісімдерді), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы реттеу уәкілетті органның (бұдан әрі «реттеу уәкілетті орган») нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны және Банктің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

1.6. Материалдық құндылықтарының сақталуын және өз қызметкерлерінің жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Банк заңда белгіленген тәртіппен Банктің қауіпсіздік қызметін ұйымдастыруға құқылы.

1.7. Банк өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға, Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ оның шегінен тыс жерлерде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің еншілес ұйымдарын, филиалдарын және өкілдіктерін ашуға құқылы.

1.8. Банктің мөрлері, мөртабандары, өзінің атауы көрсетілген бланктары, логотипі бар. Банктің логотипі тіркелген тауар белгісі болып табылады.

1.9. Банктің орналасқан жері оның Атқарушы органының орналасқан жері болып табылады: 100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Бұқар-Жырау даңғылы, 47.

1.10. Банктің қызмет мерзімі шектелмейді.

1.11. Меншік нысаны – жекеменшік. Банктің ірі кәсіпкерлік субъектісі мәртебесі бар.

1.12. Банктің ұйымдық-құқықтық нысаны - акционерлік қоғам.

II. ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

2.1. Банк қызметінің мақсаттары:

- Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына қолғабыс ету;

- табыс табу және оны Банк акционерлерінің дивидендтер алуын қамтамасыз ету жолымен акционерлердің мүддесі үшін пайдалану;

- банк қызметтерін жүзеге асыру және оның аясын кеңейту болып табылады.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банк операцияларының кешенін жүзеге асырады.

2.2. Банк бақылау уәкілетті органның лицензиясы болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген банктік және өзге операциялар түрлерін жүзеге асырады.

2.3. Бақылау уәкілетті органның лицензиясы болған кезде Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2.4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

III. БАНКТИҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛКІ

3.1. Банктің мүлкі жарғылық капиталдан, бөлінбеген таза табыстан, құны Банктің дербес балансында көрсетілетін басқа негізгі және айналым қаражаттарынан тұрады. Банк өзінің міндеттемелері бойынша өз мүліктерінің шегінде жауап береді. Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк қызметінің залалдар тәуекелін өздеріне тиесілі акциялардың құндары шектерінде мойындарына алады.

Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол секілді мемлекет Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, бұған Банк немесе мемлекет осындай жауапкершілікті өздеріне алатын жағдайлар кірмейді.

3.2. Банктің мүліктері оған жеке меншік құқығымен тиесілі болады.

3.3. Банктің мүлкін қалыптастыру көздері болып табылатындар:

1) Банктің жарғылық капиталы;

2) Банк қызметінен алынған табыстар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тиым салынбаған өзге көздер.

3.4. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылардың акцияларды олардың нақтылы құны бойынша және инвесторлардың «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

3.5. Банктің акциялары орналастырылған кезде олар тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақшамен ғана төленуі тиіс.

3.6. Жарғылық капиталды ұлғайту Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

IV. БАНКТИҢ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ

4.1. Банк қызметін жүзеге асырумен байланысты залалдарды жабу мақсатында Банк жай акциялар бойынша дивидендтер төлегенге дейін Банктің таза табысы есебінен резервтік капитал қалыптастырады.

4.2. Резервтік капиталдың ең төменгі мөлшерін уәкілетті орган белгілейді. Егер қызметтің нәтижесінде Банктің резервтік капиталы реттеу уәкілетті орган белгілеген мөлшерден аз болып қалса, Банк резервтік капиталды қажетті шамаға дейін толықтыру үшін аударымдарды қайта жүргізуі тиіс.

4.3. Банктің залалдары резервтік капиталдың қаражаттары есебінен, мүмкін болмағанда – Банктің басқа қаражаттарының есебінен өтеледі.

4.4. Банк өзге қорларды қалыптастыруға құқылы, олардың түрлері мен пайдалану түрлерін Директорлар кеңесі айқындайды.

V. АКЦИЯЛАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

5.1. Қоғам жай акциялар, не жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Банктің акциялары атаулы болып табылады және құжатсыз нысанда шығарылады.

5.2. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

5.3. Акцияларды шығару, орналастыру, айналдыру, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі Банк акцияларын шығару проспектісімен белгіленеді.

5.4. Банк облигациялар, туынды бағалы қағаздар, сондай-ақ басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

5.5. Банк шығарылатын акцияларға опциондар жасасуға құқылы.

5.6. Банк айналдырылатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

5.7. Банктің бағалы қағаздарды айналдыру шарттары мен тәртібі айналдырылатын бағалы қағаздарды шығару проспектісімен белгіленеді.

5.8. Банк акциялар шығарылымының проспектісімен белгіленетін тәртіпте және шарттарда Банктің жай акцияларына айналдырылатын артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы.

5.9. Банк өзінің акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акциялардың мәлімделген саны шектерінде бір немесе бірнеше орналастырулар арқылы орналастыруға құқылы. Банктің жарияланған акцияларының саны шегінде акцияларын орналастыру туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

5.10. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банкте таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Банк таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

5.11. Банк артықшылықты акцияларды (және/немесе жай акцияларға айналдырылатын артықшылықты акцияларды) шығарған жағдайда, артықшылықты акциялардың және/немесе жай акцияларға айналдырылатын артықшылықты акциялардың меншік иелері - Акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлеріне қарағанда алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға басым құқығы бар.

5.12. Артықшылықты акциялар және/немесе жай акцияларға айналдырылатын артықшылықты акция, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерге Банкті басқаруға қатысуға құқық бермейді.

5.13. Акционер артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес оған акцияны немесе Банктің жай акцияларына айналдырылатын басқа бағалы қағазды сатып алуға өтініш беру үшін берілген отыз күннің ішінде акцияны немесе Банктің жай акцияларына айналдырылатын басқа бағалы қағазды иеліктен айырған кезде, егер акцияның бұрынғы иесі мұндай өтініш бермеген жағдайда осы құқық акцияның немесе Банктің жай акцияларына айналдырылатын басқа бағалы қағазды жаңа иесіне ауысады.

5.14. Жазылу арқылы Банк орналастыратын акциялар, акцияларды артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес сатып алатын акционерлерді қоспағанда, осы орналастыру шегінде акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірдей сату бағасы бойынша сатылуға тиіс. Акционерлер акцияларды артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес орналастыру туралы шешім қабылдаған Банктің Директорлар кеңесі белгілеген бірыңғай орналастыру бағасы бойынша сатып алады.

5.15. Бағалы қағаздардың қайталама рыногында Банктің дауыс беретін акцияларының отыз және одан да көп процентін дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесе отырып сатып алғысы келетін тұлға бұл туралы Банкке және реттеу уәкілетті органға ол белгілеген тәртіппен хабарлама жіберуге міндетті. Хабарламада сатып алынатын акциялардың саны, болжамды сатып алу бағасы туралы мәліметтер және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өзге де мәліметтер болуға тиіс.

5.16. Акционерлердің Банк акцияларын сатуына Банктің кедергі жасауға құқығы жоқ. Банктің акцияларын сатқысы келетін тұлғаға Банктің оларды Банктің өзінің немесе үшінші тұлғалардың ұсынылған бағадан жоғары баға бойынша сатып алуы туралы ұсыныс жасауға құқығы бар. Сатып алу туралы ұсыныста акциялардың саны, бағасы және акцияларды үшінші тұлғалар сатып алған жағдайда сатып алушылардың реквизиттері туралы мәліметтер болуға тиіс.

5.17. Бағалы қағаздардың қайталама рыногында Банктің дауыс беретін акцияларының отыз және одан да көп процентін дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесе отырып сатып алған тұлға сатып алған күннен бастап отыз күн ішінде қалған акционерлерге Банктің оларға тиесілі акцияларын сатуға ұсынысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті. Акционер өзіне тиесілі акцияларды сату туралы ұсыныс жарияланған күннен бастап отыз күннен аспайтын мерзімде оларды сату туралы ұсынысты қабылдауға құқылы.

5.18. Орналастырылған акцияларды сатып алу Банктің бастамасы бойынша акционердің келісімімен, Банктің акцияны сатып алуы кезінде оның құнын айқындаудың «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңнамада белгіленген әдістемесіне сәйкес, оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүргізілуі мүмкін.

5.19. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, Банктің акциялары бойынша дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді. Банктің артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

5.20. Бір артықшылықты акцияға дивидендтің кепілдік берілген мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімінің негізінде жылына бір рет төленеді және 0,01 теңге мөлшерінде белгіленеді.

Егер ол үшін дивидендтер төлеу жүзеге асырылатын қаржылық жылдың қорытындысы бойынша таза пайда ≤ 0 болса, онда кепілдік берілген дивиденд төленеді.

Егер $ТП \leq 0$, мұнда

ТП – таза пайда,

онда бір артықшылықты акцияға дивиденд 0.01 теңге болады,

Егер $0 < ТП < N * 10\ 000 * (i + 2\%)$, мұнда

N-артықшылықты акциялар саны,

i – Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі Агенттігі ол үшін дивидендтер төлеуді жүзеге асыратын қаржылық жылдың желтоқсаны үшін жариялайтын тұтынушылық бағалар индексінің алдыңғы жылдың тиісті айына қатысты өсуі/төмендеуі ретінде есептеп шығарылатын (индекстің %-ғы төмендеуі минус 100%) инфляция.

онда $D_{ap/a} = ТП / N$, мұнда

$D_{ap/a}$ - 1 артықшылықты акцияға келетін дивиденд

Егер $ТП > N * 10\ 000 * (i + 2\%)$, онда

$D_{ap/a} = 10\ 000 * (i + 2\%)$,

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендті есептеп шығару кезінде белгіленген мән:

инфляцияның төменгі шегі 4% деңгейінде,

инфляцияның жоғарғы шегі 9% деңгейінде.

5.21. Банктің акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс. Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

5.22. Банктің акциялары бойынша дивидендтер төлеудің кезеңділігі Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

5.23. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Банктің өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

5.24. Акционер Банк берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

5.25. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдап, оны қабылдаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға құқылы.

5.26. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталатын датасы;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны болуға тиіс.

VI. БАНКТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ

6.1. Банктің акционерлері заңды және жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері болуы мүмкін.

Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде Банк қызметімен байланысты залалдар тәуекелін мойнына алады.

Бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп проценті тиесілі акционер немесе бірнеше акционер ірі акционер болып танылады.

Банк заңнамасына сәйкес Банктің ірі қатысушысы – реттеу уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес Банктің орналастырылған акцияларының (артықшылықты және банк сатып алғандарды шегергенде) он немесе одан көп процентіне тікелей немесе жанама иелік ете алатын немесе:

- Банк акцияларының он немесе одан көп процентімен тікелей немесе жанама дауыс бере алатын;

- уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен шарттың күшіне орай не өзгеше тәртіппен Банк қабылдаған шешімдерге ықпал ете алатын жеке немесе заңды тұлға (мұндай иесі мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын жағдайды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген жағдайларды қоспағанда).

6.2. Банктің акционерлері:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Банктің қаржы есептілігімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) Банктің органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

7) өз бетінше немесе басқа акционерлермен жиынтықта Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан астам процентіне иелік еткен кезде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63 және 74 бабында көзделген жағдайларда өзінің атынан Банктің лауазымды тұлғалары Банкке келтірген залалдарды Банкке өтеуі және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуын мүдделілік бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсыну) туралы шешім қабылдаудың нәтижесінде өздері алған пайданы (табысты) қоғамға қайтару туралы талаппен сот органдарына жүгінуге;

8) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Банкке сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Банктің акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

11) жазбаша сауал бойынша Банк құжаттарының:

- Банк Жарғысының, Банк Жарғысына Өзгертулердің, Толықтырулардың;

- Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының (хаттама көшірмесінің) көшірмелерін;

- Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектілерін, Бағалы қағаздарын шығару проспектілерінің Өзгертулерін, Толықтыруларын.

6.3. Ірі акционердің, сондай-ақ:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банк аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

6.4. Банктің акционерлері:

1) акцияларды төлеуге;
2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

VII. БАНКТІ БАСҚАРУ

7.1. Банктің органдары болып табылатындар:

1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган - Басқарма;

4) Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырушы орган, - Ішкі аудит қызметі.

Банк тұрақты әрекет етуші комитеттерді құруға құқылы, олардың қызмет тәртібі Банктің ішкі рәсімдерімен және ішкі нормативтік құжаттарымен анықталады.

VIII. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

8.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

8.2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, Банктің аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі, Банктің бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері, акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жүгінулері және оларды қарастыру қорытындылары туралы ақпарат айқындалады.

8.3. Акционерлердің жылдық жалпы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мерзімде өткізілуге тиіс.

8.4. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Банктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

6) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Банктің Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

- 8) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 10) Банктің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 11) осы Жарғының 5.21-тармағында және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайлар туындаған кезде Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 12) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 13) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
 - 14) Банк акцияларды «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
 - 15) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 16) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Банк Жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
 - 17) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
 - 18) шешім қабылдау «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Банк Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер;
 - 19) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешімдер қабылдау.
- Осы Жарғының 8.4-тармағының 1)-4) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.
- Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 8.5. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында коммерциялық құпияны құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде Банктің акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатыса және сөз сөйлей алады. Аталған тұлғалар Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге қатысуға құқылы емес.
- 8.6. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:
- 1) Директорлар кеңесінің;
 - 2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.
- Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:
- 1) Басқарма;
 - 2) өзімен жасалған шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;
 - 3) Директорлар кеңесі;
 - 4) тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- 8.7. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Банктің тіркеушісі жасайды.

Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама акционерлердің назарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жазбаша хабарлама жіберу арқылы жектізіледі. Егер Банк акционерлерінің саны елуден асатын болса, онда хабарлама реттеу уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келетін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Банк Акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, Банк акционерлерінің өткізілуге тиісті болған Акционерлері жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Банк акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі.

8.8. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей ірі акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

8.9. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

8.10. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Банк органдары мүшелерінің, сондай-ақ Банктің өзге қызметкерлері Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлер өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғадан Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

Артықшылықты акциялардың иесі болып табылатын Банк акционері қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және ол қарастыратын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

8.11. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын (секретариатын) сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы - ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Басқармаға кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

8.12. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беретін болған жағдайда акционерлер саны бес жүз болатын және одан асатын Банк Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабармен бірге осы Жарғыда белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Жалпы жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысы отырысының өткізілетін күні не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс берілетін дауыстар есептелетін күн;

- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

- б) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

- 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;

- 8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

8.13. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;

- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;

- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады.

8.14. Дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды.

Акционердің дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда Банктің есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс берудің нәтижелері Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн

ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

8.15. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) Банктің Акционерлердің жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 10) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшысы (секретариаты);
- 2) есеп комиссиясының мүшелері;
- 3) Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін иеленетін және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қоюға тиіс.

8.16. Банк акционерлерінің саны жүзден аз болуына байланысты есеп комиссиясының функцияларын Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. Егер Банк акционерлерінің саны жүз және одан көп болса, есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады. Банктің есеп комиссиясының (акционерлердің Жалпы жиналысы хатшысының) өкілеттіктер мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы анықтайды.

IX. БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

9.1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

9.2. Мынадай мәселелер Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
- 7) Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Басқарманың басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

9) Ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;

15) акцияларының он және одан да көп проценті (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Банктің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

17) Банктің бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау;

18) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) ірі мәмілелер және жасалуына Банк мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

20) Банктің ұйымдық құрылымын бекіту;

21) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғысында көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Басқарманың шешуіне беруге болмайды.

Осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Ірі мәмілені және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселені қарастырған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәмілені орындаудың мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда бағалаушының есебін қамтуы тиіс.

9.3. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейіндегі әлеуетті мүдделер қақтығысын, соның ішінде Банктің меншігінің заңсыз пайдалануды және жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу кезіндегі асыра пайдаланушылықты қадағалауы және мүмкіндігінше жоюы;

2) Банкте корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

9.4. Жеке адам ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционер - жеке адамдар;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;
- 3) басқа адамдар (бұл ретте осындай адамдар саны Директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аса алмайды) арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде акционерлерге кандидаттың жасы, білімі туралы ақпараттар, оның соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер, Банкке аффилиирленгендігі туралы мәліметтер, кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге ақпараттар беріледі.

Басқарма басшысынан басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма басшысы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар шектелмейтін сан рет қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

9.5. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9.6. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банктің жарғысы мен ішкі құжаттарына, еңбек шартына сәйкес хабардарлық, айқындылық негізінде Банк пен оның акционерлерінің мүдделері үшін әрекет етуге;

2) барлық акционерлерге әділ болуға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз тұжырым енгізуі тиіс.

9.7. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Банкке аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама күн тәртібінің мәселелері материалдарды қоса бере отырып отырыс өткізілетін күнге дейін үш күн бұрын мерзімнен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның күн тәртібін қамтуы тиіс.

9.8. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кем дегенде 50% құрайды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Банктің атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру қорытындыларын көрсете отырып, олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

9.9. Директорлар кеңесінің шешімдері қатысу тәртібімен дауыс беруді өткізбестен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы не Директорлар кеңесінің отырысына қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерімен бірге сырттай дауыс беру арқылы (аралас дауыс беру) қабылдануы мүмкін.

9.10. Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беруді өткізу үшін және аралас дауыс берумен Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер таратылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болуы тиіс:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Банктің Директорлар кеңесінің отырысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді тапсырудың түпкілікті күні;
- 4) Банктің Директорлар кеңесінің отырысында сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
- 5) Банктің Директорлар кеңесінің отырысында сырттай дауыс берудің күн тәртібі;
- 6) егер сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібі Банк Басқармасы мүшелерін сайлау туралы мәселені қамтитын болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- 7) олар бойынша дауыс беру өткізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
- 8) сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен белгіленген дауыс берудің нұсқалары;
- 9) сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі.

9.11. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданған болып танылады. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібі бойынша олар қабылдаған шешімдердің нәтижелерімен сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді почталық/факстік байланыс, кейіннен бюллетеннің түпнұсқасы берілетін электронды

хабарлама жолымен бюллетеньді алған күннен бастап бес күннің ішінде жіберуге міндетті.

9.12. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде – хаттамамен ресімделуі тиіс және Банктің Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасы колдарын қоюлары тиіс.

9.13. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күннің ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдерді қоса беру арқылы жіберілуі тиіс.

9.14. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қолын қояды. Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады. Дауыстарды санау кезінде олар бойынша Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін нұсқаларының бірі белгіленген мәселелер бойынша ғана дауыстар есепке алынады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімдері кейіннен Директорлар кеңесінің қатысу арқылы өткізілетін отырысында бекітілуі мүмкін.

9.15. Банктің Банкпен айрықша қатынастармен байланысқан тұлғалармен мәмілелер жасауымен байланысты кез келген банк операциясы жеңілдіктер берілместен жалпы негіздерде жасалады.

X. БАНК БАСҚАРМАСЫ

10.1. Банктің ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма Банк қызметінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге заң актілерінде және Жарғыда Банктің басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Банктің Директорлар кеңесі: Банк Басқармасы мүшелерінің санын анықтайды, Басқарма Төрағасын, Басқарма Төрағасының Орынбасарларын, Басқарма мүшелерін сайлайды, Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімдері, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер қабылдайды; Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық қызметтерінің мөлшерлерін және еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын анықтайды.

Банктің акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарманың мүшелері бола алады. Банктің ірі акционері Басқарма Төрағасы лауазымына тағайындала (сайлана) алмайды.

Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Басқарма Төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысының не атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқылы емес.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнама актілерімен, осы Жарғымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ аталған адаммен Банк жасасатын жеке еңбек шартымен белгіленеді. Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Банк атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

Банк қызметін қамтамасыз етумен байланысты, осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелер Басқарманың құзыретіне жатқызылады.

10.2. Банк Басқармасының өкілеттіктері:

1) Директорлар кеңесі және Акционерлердің жалпы жиналысы қарастыруға тиісті барлық мәселелерді алдын ала талқылау, осыған байланысты қажетті құжаттарды дайындау;

2) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) банк қызметімен байланысты мәселелерді бақылайды;

4) Банктің есептерінің дайындалуын жүзеге асырады;

5) Жарғының және филиалдар, өкілдіктер туралы Ережелердің, Банктің ұйымдық құрылымының жобаларын әзірлеуді жүзеге асырады;

6) Банк бөлімшелерінің міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін; құрылымдық бөлімшелердің басшыларының құқықтарын және міндеттерін; Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің өздері Банк атынан және есебінен мәмілелерді жүзеге асыруы кезіндегі өкілеттіктерін, Банктің бөлімшелері арасындағы өзара ықпалдастық тәртібін, Банктің ағымдағы қызметінің өзге мәселелерін анықтайтын Банктің ішкі ережелері мен рәсімдерін бекітеді;

7) кадрларды іріктеу, тағайындау, даярлау және қайта даярлау туралы мәселелерді шешу;

8) Банк қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің және ынталандырудың дербес шарттарын айқындау;

9) Банктің филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын тағайындау және қызметтен босату;

10) Банктің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің штаттық кестесін бекітеді, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдайды;

11) осы Жарғымен және Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген өзге функцияларды жүзеге асырады.

10.3. Басқарма Төрағасының өкілеттіктері:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Банк қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Банктің Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлерді қоспағанда, Банк қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

7) Банктің өзге органдарының айрықша құзыретіне жатқызылғандарды қоспағанда, өзге де функцияларды шектеусіз жүзеге асырады.

10.4. Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі, оларды Басқарма Төрағасы жүргізеді, ал ол болмаған жағдайда Банк Басқармасының жұмысына Басқарма Төрағасының Орынбасары, не Басқарма Төрағасы тағайындайтын Басқарманың кез келген мүшесі басшылық жасайды.

10.5. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне беруге рұқсат етілмейді.

10.6. Басқармасының отырыстарында кворум Басқармасы мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі құрайды. Басқармасы, егер оның отырысына Басқарма мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі қатысып отырса, шешімдер

қабылдауға құқылы, мұндайда оған Басқармасының Төрағасы немесе Басқарма Төрағасының қатысуынсыз Басқарма отырысын жүргізуге құзыретті оның Орынбасары қатысуы тиіс. Басқарманың шешімдері Басқарма мүшелерінің отырысына қатысып отырғандардың дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады, мұндайда бұл шешімді Басқармасының Төрағасы немесе Басқарма Төрағасының қатысуынсыз Басқарма отырысын жүргізуге құзыретті оның Орынбасары жақтап дауыс беруі тиіс.

10.7. Банк Басқармасының отырысында дауыстар саны тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының немесе өзі болмаған жағдайда Басқарманың отырысын өткізуге Төраға уәкілеттік берген Басқарма Төрағасының Орынбасарының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

10.8. Басқарманың шешімдері Басқарманың Хаттамаларымен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Басқарманың барлық мүшелері қолдарын қоюы тиіс және дауыс беруге шығарылған мәселелерді, олар бойынша дауыс берудің қорытындыларын әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып қамтуы тиіс.

XI. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

11.1. Ішкі аудит қызметі Банктің алқалы органына жүктелген функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады және Банктің Ішкі аудит қызметі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мақсаттар мен міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

11.2. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі ішкі бақылау жүйесінің жағдайын объективті бағалау және оларды жетілдіруге ұсыныстар беру жолымен ішкі бақылау жүйесінің бар болуын және дұрыс қызмет атқаруын қамтамасыз ету жөніндегі функцияларын жүзеге асыруы кезінде туындайтын міндеттерді шешу мақсатында құрылған.

11.3. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

11.4. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері тікелей Директорлар кеңесіне бағынады. Ішкі аудит қызметінің басшысы орындаған жұмыстары туралы Директорлар Кеңесінің алдында есеп береді.

11.5. Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтайды, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің еңбекақы мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтайды.

11.6. Ішкі аудит қызметі, басшысын қоса алғанда, кем дегенде үш адам құрамында қалыптастырылады.

11.7. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің жоғары білімдері бар, азаматтық және банктік заңнаманы біледі, кәсіби құзыреттілікке иелік етеді (нормативтік құқықтық актілерді біледі және қаржылық қызметтерді ұсыну және реттеу саласындағы жұмыс өтілі (тәжірибесі) кем дегенде бір жыл), экономикалық қызмет саласында жасаған қылмыстары үшін, мемлекеттік қызметтің және мемлекеттік басқарудың мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге қылмыстары үшін өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы жоқ болуы тиіс.

11.8. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлері Банктің басқа құрылымдық бөлімшелерін бірге басқара (жетекшілік ете) алмайды.

11.9. Ішкі аудит қызметінің отырыстарын өткізу және шешімдерін қабылдау үшін кворум оның мүшелерінің жалпы санының жай көпшілігін құрайды. Дауыстар саны тең болған жағдайда, Ішкі аудит қызмет басшысының дауысы шешуші болып табылады.

11.10. Ішкі аудит қызметінің отырысы мыналардың:

11.10.1. Ішкі аудит қызметінің кез келген мүшесінің;

11.10.2. Директорлар кеңесінің мүшесінің бастамасы не талабы бойынша шақырыла алады.

11.12. Ішкі аудит қызметінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кем деген 1 рет өткізіледі. Ішкі аудит қызметінің шешімдері Ішкі аудит қызметі мүшелерінің отырысына қатысуылардың қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады және хаттамамен ресімделеді, оған Ішкі аудит қызметінің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қолдарын қояды.

11.13. Ішкі аудит қызметі өзінің қызметінде Банктің Жарғысын, ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру туралы ережелерді, сондай-ақ Банктің қызметін регламенттейтін басқа ішкі құжаттарды және екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуына Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын басшылыққа алады.

11.14. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі бекітетін ішкі аудит жоспарын және ішкі аудит бағдарламасын жасайды.

11.15. Ішкі аудит қызметі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ішкі аудиторға кандидатураларды өз бетінше немесе Банктің жұмыс тобының құрамында алдын ала іріктеу. Сыртқы аудиторды таңдау бойынша ұсыныс Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады;

2) Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы Директорлар кеңесі үшін есептілік дайындау;

3) Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру және бағалау;

4) банк тәуекелдерін және банк тәуекелдерін басқару рәсімдерін бағалау әдістемесінің (банк операцияларын және тәуекелдерді басқару мәмілелерін жасау әдістемелерін, бағдарламаларын, ережелерін, тәртіптерін және рәсімдерін) қолдану толықтығы мен тиімділігін тексеру;

5) деректер базасының тұтастығын және оларды рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғауды бақылауды қоса алғанда, автоматтандырылған ақпараттардың қызмет атқару тиімділігін, болжап білмеген жағдайларда әрекеттер жоспарының болуын тексеру;

6) бухгалтерлік есеп пен есептіліктің шынайылығын, толықтығын, объективтілігін және уақтылығын, сондай-ақ ақпараттар мен есептілікті жинау мен берудің сенімділігі мен уақтылығын тексеру;

7) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге мәліметтердің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін және ұсынылу уақытылығын тексеру;

8) Банк мүлкінің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын тәсілдерін (әдістерін) тексеру;

9) Банк жасайтын операциялардың экономикалық мақсаттылығын және тиімділігін бағалау;

10) Банктің құрылымдық бөлімшелерінің немесе Банктің лауазымды тұлғасының қызметін тексеру;

11) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындау мақсатында жасалған жүйелерді тексеру;

12) Банктің персоналын басқару қызметтерінің жұмыстарын бағалау;

13) Банк бөлімшелерін тексерудің нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдердің деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін шараларды Банктің бөлімшелерінің және органдарының қабылдау тиімділігін немесе анықталған тәуекелдердің Банк үшін қолайлылығы туралы шешімдерді бөлімшелердің басшыларының және (немесе) басқару органдарының қабылдауын бақылауды жүзеге асыру;

14) Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген басқа мәселелер.

XII. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

12.1. Банкте Корпоративтік хатшы лауазымының енгізілуі мүмкін. Корпоративтік хатшының функциялары, жұмыс тәртібі мен міндеттері Корпоративтік басқару кодексімен анықталады.

12.2. Корпоративтік хатшы Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Акционерлердің жалпы жиналыстарын, Директорлар Кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу, Банк туралы ақпаратты ашу (ұсыну) мәселелерінің рәсімдеріне қатысты заңнаманың, осы Жарғының және Банктің өзге ішкі құжаттарының талаптарының түсіндірмесін береді.

12.3. Корпоративтік хатшы лауазымына мінсіз беделі бар тұлға ұсынылады. Бұл ретте тұлғаның экономикалық қызмет саласындағы қылмысты немесе мемлекеттік билікке, мемлекеттік қызмет және жергілікті өзін өзі басқару органдарындағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмысты жасауы, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықты, ең алдымен кәсіпкерлік қызмет саласындағы, қаржылар, салықтар мен алымдар, бағалы қағаздар нарығы саласындағы құқық бұзулары оның мінсіз беделіне теріс әсер еретін факторлардың бірі болып табылады.

Корпоративтік хатшыны тағайындау кезінде Директорлар Кеңесі кандидаттың Корпоративтік хатшының функцияларын жүзеге асыру қабілеттілігін, соның ішінде оның білімін, жұмыс тәжірибесін және кәсіби қасиеттерін жан-жақты бағалауы тиіс.

ХІІІ. БАНКТИҢ ЖАСАЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР БЕЛГІЛЕНГЕН МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАСАУЫ

13.1. Мыналар:

1) нәтижесінде құны Банк активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп проценті болатын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;

2) нәтижесінде Банк өзінің орналастырылған бағалы қағаздарын сатып алуы немесе орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп проценті мөлшерінде олардың сатылып алынған бағалы қағаздары сатылуы ықтимал мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы ірі мәміле деп танылады.

Мыналар:

1) белгілі бір мүлікті сатып алуға немесе иеліктен айыруға қатысты белгілі бір тұлғамен не өзара аффилиирленген тұлғалар тобымен жасалатын бірнеше мәміле;

2) бір шартпен немесе өзара байланысты бірнеше шартпен ресімделетін мәмілелер өзара байланысты мәмілелер деп танылады.

13.2. Банктің ірі мәміле жасасуы туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

Ірі мәмілені және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселені қарастырған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәмілені орындаудың мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда бағалаушының есебін қамтуы тиіс.

Банк кредиторлар мен акционерлерге хабарлау мақсатында Директорлар кеңесі Банктің ірі мәміле жасасуы туралы шешімді қабылдағаннан кейін бес күн ішінде мәміле туралы хабарламаны мемлекеттік тілде және басқа тілдерде реттеу уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай келетін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен қабылданған Банктің ірі мәміле жасасуы туралы шешімімен келіспеген жағдайда, акционер өзіне тиесілі акцияларды Банктің акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып алуын талап етуге құқылы.

13.3. Банктің аффилирленген тұлғалары, егер олар:

- 1) мәміле жасаушы тарап болса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса;
- 2) мәміле жасаушы тарап болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның аффилирленген тұлғалары болса, Банктің мәміле жасасуына мүдделі тұлғалары (бұдан әрі - мүдделі тұлғалар) деп танылады.

Мынадай мәмілелер:

- 1) акционердің Банк акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алуы, сондай-ақ Банктің орналастырылған өз акцияларын сатып алуы жөніндегі мәміле;
- 2) банктік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттеме қабылдау жөніндегі мәміле;
- 3) Банкті «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын қайта ұйымдастыру;
- 4) Банктің өз аффилирленген тұлғасымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жасайтын мәмілесі жасалуына Банк мүдделі болатын мәміле болып табылмайды.

13.4. Мүдделілік болуына орай Банктің мәмілені жасасуы туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Мүдделілік болуына орай Банктің мәмілені жасасуы туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы:

- 1) Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылған;
- 2) шешім қабылдауға қажетті дауыстар саны болмауына орай, Директорлар кеңесінің мұндай мәмілені жасасу туралы шешімді қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда оның жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік даусымен қабылдайды.

Мүдделілік болуына орай Банктің мәмілені жасасуы туралы шешім, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мен жай акцияларды иеленетін барлық акционерлер мүдделі адамдар болып табылған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беретін акциялары жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Бұл орайда Акционерлердің жалпы жиналысына негізделген шешім қабылдауға қажетті ақпарат (құжаттармен қоса) беріледі.

13.5. Директорлар кеңесі жасалуына мүдделілік бар және Банк ағымдағы қызметінің барысында жасасатын мәмілелердің өзге түрлерін жасасуды алдын ала мақұлдау туралы шешім қабылдауға құқылы. Алдын ала мақұлдауда Директорлар кеңесі мәмілелер көлемінің лимитін (мәміленің жалпы сомасының ең жоғары сомасын), мәмілелер тізбесін, сондай-ақ мәмілелер жасалатын компаниялардың тізбесін белгілеуге құқылы.

13.6. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында және осы Жарғыда көзделген талаптарды ірі мәмілені және жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде орындалмауы мүдделі тұлғалардың арызы бойынша осы мәмілелерді сот тәртібімен жарамсыз деп тануға әкеп соқтыруы мүмкін.

XIV. БАНК ПЕРСОНАЛЫ

14.1. Банк өз бетінше, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып өз қызметін кадрлық қамсыздандырудың барлық мәселелерін шешеді, еңбекақы төлеу және ынталандыру шарттарын, жұмыс күні мен жұмыс аптасының ұзақтығын, жыл сайынғы ақы төленетін және өзге демалыстардың мөлшерін және берілу тәртібін анықтайды.

14.2. Банк қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

14.3. Банктің басқарушы қызметкерлері болып Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері, Басқарма Төрағасы мен мүшелері, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің

қызметтерді үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын, олардың негізінде банк операциялары жүргізілетін құжаттарға қол қою құқықтары бар Банктің өзге басшылары табылады, бұған Банктің оқшауланған бөлімшелерінің бірінші басшылары мен олардың бас бухгалтерлері, Банктің бас бухгалтері кірмейді.

14.4. Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарма мүшелері Банктің лауазымды адамдары болып танылады. Банктің лауазымды адамдары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Банк пен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Банктің мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны осы Жарғыға және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Банктің қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) Банктің қызметі туралы құпия ақпаратты, соның ішінде, егер Банктің ішкі құжаттарымен өзгеше белгіленбесе, Банкте жұмысы тоқтатылғаннан кейін үш жылдың ішінде сақтауға міндетті.

14.5. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, осы Жарғыға және Банктің ішкі құжаттарына, еңбек шартына сәйкес хабардарлық, айқындылық негізінде Банк пен оның акционерлерінің мүдделері үшін әрекет етуге;

2) барлық акционерлерге әділ болуға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз тұжырым енгізуі тиіс.

XV. БАНКТИҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

15.1. Банктің лауазымды тұлғалары өздерінің әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян және мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей Банк шеккен залалдар үшін:

1) қателесуге әкеліп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат берудің;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзудың;

3) өздерінің адал емес әрекеттерінің және (немесе) әрекетсіздігінің нәтижесінде Банктің залал шегуіне әкеп соқтырған, соның ішінде Банкпен осындай мәмілелерді жасасудың нәтижесінде өздерінің не олардың аффилиирленген тұлғаларының пайда алуы мақсатында ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасауға ұсыныс берудің және (немесе) жасау туралы шешім қабылдаудың нәтижесінде келтірілген зиян үшін Банк пен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында және (немесе) қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларда Акционерлердің жалпы жиналысының ірі мәмілені және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдауы оларды жасауды ұсынған лауазымды тұлғаны немесе, егер оларды орындаудың нәтижесінде Банкке зиян келтірілген болса, өзі мүшесі болып табылатын Банк органының отырысында, соның ішінде өздерінің не олардың аффилиирленген тұлғаларының пайда (табыс) алуы мақсатында адал емес әрекет еткен және (немесе) әрекетсіздік жасаған лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды.

15.2. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімінің негізінде Банк немесе Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан астам пайызына иелік ететін (жиынтығында иелік етуші) акционер (акционерлер) өзінің атынан лауазымды тұлғаға шағымданып, Банкке ол келтірген зиянды не залалдарды Банкке өтеу туралы, сондай-ақ

лауазымды тұлғаның және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларының, егер лауазымды тұлға адал емес әрекет етсе және (немесе) әрекетсіздік жасаса, Банкте залалдардың туындауына алып келген ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсыну) туралы шешімдер қабылдаудың нәтижесінде алған пайданы (табысты) Банкке қайтаруы туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімінің негізінде Банк немесе Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан астам пайызына иелік ететін (жиынтығында иелік етуші) акционер (акционерлер) өзінің атынан Банктің лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға шағымданып, Банктің осы үшінші тұлғамен мәселіне жасасуының нәтижесінде, егер осындай мәмілені жасау және (немесе) жүзеге асыру кезінде Банктің бұл лауазымды тұлғасы мұндай үшінші тұлғамен келісімнің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын, осы Жарғыны және Банктің ішкі құжаттарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет жасаған болса, Банкке келтірілген залалдарды қоғамға өтеу туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға мен Банктің лауазымды тұлғасы осындай залалдарды Банкке өтеу кезінде Банктің ортақ борышкерлері болады.

Сот органдарына жүгінгенге дейін Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан астам пайызына иелік ететін (жиынтығында иелік етуші) акционер (акционерлер) Директорлар кеңесінің Төрағасына Банктің лауазымды тұлғалары келтірген залалдарды Банкке өтеу және өздерінің ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсыну) туралы шешімдер қабылдаудың нәтижесінде алған пайданы (табысты) Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің Төрағасы осы тармақтың үшінші бөлімінде көрсетілген өтініш түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің қатысатын отырысын шақыруға міндетті.

Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан астам пайызына иелік ететін (жиынтығында иелік етуші) акционердің (акционерлердің) жүгінуге бойынша Директорлар кеңесінің шешімі оның (олардың) назарына отырыс өткізілген күннен бастап үш күнтізбелік күннің ішінде жеткізіледі. Директорлар кеңесінің аталған шешімін алғаннан не ол осы тармақта белгіленген мерзімде алынбағаннан кейін Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан астам пайызына иелік ететін (жиынтығында иелік етуші) акционер (акционерлер) аталған мәселе бойынша қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасына акционердің жүгінуге растайтын құжаттары болған кезде Банктің мүдделерін қорғау үшін сотқа өзінің атынан арызбен жүгінуге құқылы.

15.3. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындаудың нәтижесінде Банкке залал келтірілген мәмілені жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Банктің лауазымды тұлғалары, егер Банктің органы қабылдаған, Банктің не акционердің залал шегуіне әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге кешірімді себептер бойынша қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

Лауазымды тұлға, егер ол «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген Банктің лауазымды тұлғаларының қызмет принциптерін ұстана отырып, шешім қабылдау кезінде көкейкесті (тиісті) ақпараттың негізінде әрекет еткені және мұндай шешім Банктің мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде санағаны дәлелденген болса, коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

15.4. Меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласындағы немесе коммерциялық немесе өзге ұйымдардағы қызметтің мүдделеріне қарсы қылмыстар жасауына байланысты сот кінәлі деп таныған, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін оңалтушы емес негіздемелер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған Банктің лауазымды тұлғалары соттылығы өтелген не заңмен белгіленген тәртіппен алып тасталған

не қылмыстық жауапкершіліктен босатылған күннен бастап бес жылдың ішінде Банктің лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілінің міндеттерін атқара алмайды.

15.5. Егер Банктің қаржы есептілігі Банктің қаржылық жағдайын бұрмалайтын болса, Банктің осы қаржы есептілігіне қолдарын қойған Банктің лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде оларға материалдық нұқсан келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауап беретін болады.

15.6. Осы баптың мақсаттары үшін мына анықтамалар былайша ұғынылады:

адал емес, яғни «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген лауазымды тұлғалардың қызмет принциптерін бұза отырып, нәтижесінде Банкке әдеттегі кәсіпкерлік тәуекелмен қамтылмайтын залалдар келтірілген ірі мәмілені және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы шешімді Банктің мүддесінен тыс қабылдау (жасауға ұсыну);

әрекетсіздік, яғни Банктің лауазымды тұлғасы нәтижесінде Банкке әдеттегі кәсіпкерлік тәуекелмен қамтылмайтын залал келтірілген ірі мәмілені және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау кезде қалыс қалған, не дауыс беруге кешірімсіз себеппен қатыспаған.

XVI. АКЦИОНЕРЛЕРГЕ БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ

16.1. Банк акционерлерінің мүддесіне қатысты Банк қызметі туралы ақпаратты мынадай бұқаралық ақпарат құралдары: «Юридическая Газета», «Заң Газеті» арқылы өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті.

Мыналар:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Банктің акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, бақылау уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Банктің ірі мәмілелерді және жасалуына Банк мүдделі мәмілелерді жасасуы;

4) бұл Банктің активтерінің бес және одан астам процентін құрайтын сомаға Банктің мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

5) Банктің өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде қоғамның қарыз алуы;

6) қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға Банктің лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Банктің бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

7) Банктің заңды тұлға құруға қатысуы;

8) Банк мүлкіне тыйым салынуы;

9) нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын Банк мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

10) Банктің және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

11) корпоративтік дау бойынша сотта істің қозғалуы;

12) Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

13) Банк акционерлерінің мүддесін қозғайтын өзге де ақпарат Банк акционерлерінің мүддесін қозғайтын ақпарат деп танылады.

16.2. Банк акционерлерінің мүдделерін қозғайтын оның қызметі туралы ақпарат беру Банк Басқармасына жіберілген акционердің жазбаша сауалының негізінде сауал алынған кезден бастап он күнтізбелік күннің ішінде жүзеге асырылады.

16.3. Күпия ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық күпияны құрайтын мәліметтерді анықтау тәртібі, сондай-ақ оны беру тәртібі Банктің ішкі рәсімдерімен анықталады.

16.4 Банктің акционерлеріне оның қызметі туралы ақпараттар беру мақсатында Банктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары реттеу уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай келетін бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Бұған қоса, Банк Банктің қызметі туралы ақпаратты Интернет желісіндегі Банктің www.bankrbk.kz web-сайтында жариялауға құқылы.

XVII. БАНКТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗДЕРІНІҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

17.1. Банктің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де күпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

17.2. Банк аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар беретін мәліметтер негізінде жүргізеді.

17.3. Банктің аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті Банкке табыс етуге міндетті.

17.4. Банктің аффилирленген тұлғасы болып табылатын заңды тұлға туралы мәліметтер мынадай ақпараттарды қамтуы тиіс, бірақ олармен шектелмейді:

- заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы;
- заңды тұлғаның нақты орналасқан жері (почталық мекен-жайы);
- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу куәлігінің тіркеу нөмірі және күні;
- Банкпен аффилирленгендіктің туындаған күні және негіздемесі;
- заңды тұлғаның аффилирленген тұлғаларының тізімі.

17.5. Банктің аффилирленген тұлғасы болып табылатын жеке тұлға туралы мәліметтер мынадай ақпараттарды қамтуы тиіс, бірақ олармен шектелмейді:

- жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты;
- жеке тұлғаның туған күні;
- Банкпен аффилирленгендіктің туындаған күні және негіздемесі;
- жеке тұлғаның аффилирленген тұлғаларының тізімі.

17.6. Бұрын берілген ақпараттар өзгерген (толықтырылған) жағдайда, Банктің аффилирленген тұлғалары Банкті осындай өзгерту (толықтыру) туындаған кезден бастап жеті күннің ішінде Банкті жазбаша түрде хабарландыруға міндетті.

XVIII. БАНКТІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

18.1 Банктің қызметін тоқтату ол қайта ұйымдастырылған және таратылған жағдайда мүмкін болады.

Банкті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫ М.А.



М.К. ЖАКУБАЕВА

